**МРНТИ: 06.52.13**
**JEL Classification: O41**
**DOI: https://doi.org/10.52821/2789-4401-2025-3-39-57**

# ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ ҚАРҚЫНЫНА ӨНДІРІС ФАКТОРЛАРЫНЫҢ ӘСЕРІН БАҒАЛАУ

**Э. Н. Баудиярова[1*], Р. У. Жангалиева[1], М. Ю. Жумагалиева[1]**
[1]М. Өтемісов атындағы Батыс-Қазақстан мемлекеттік университеті,
Орал, Қазақстан Республикасы

**АҢДАТПА**

*Зерттеудің мақсаты:* Қазақстанның жалпы ішкі өнімі (ЖІӨ) құрылымын және экономика салаларының ЖІӨ-ге қосқан үлесін зерделеу арқылы экономикалық өсуге әсер ететін өндіріс факторларын талдау және тиімді қолдану жолдарын ұсыну.

*Әдіснамасы:* Зерттеу жүргізу аясында жалпы ғылыми әдістер, талдау және синтез, экономикалық - статистикалық талдау, салыстырмалы бағалау әдістері, халықаралық ұйымдардың шолу есебі, әртүрлі дереккөздердегі ғылыми жарияланымдар қолданылды.

Қазақстан Республикасындағы экономикалық өсу көрсеткіштерін экономикалық-статистикалық талдау және салыстырмалы бағалау үшін Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының, ҚР Ұлттық банкінің деректері, шетелдік және қазақстандық ғылыми журналдардағы мақалалар және өзге де мерзімді әдебиеттер пайдаланылды.

*Зерттеудің бірегейлігі/ құндылығы:* Қазақстанның экономикалық өсуінің қазіргі жағдайын бағалау және оған әсер ететін өндіріс факторларын тиімді қолдану бойынша ғылыми негізделген тұжырымдар жасалды.

*Зерттеу нәтижелері:* Қазақстанда экономиканы әртараптандыру бойынша жасалынып жатқан іс-шараларға қарамастан, экономикалық өсудің энергетикалық ресурстарға әлемдік бағалардың өзгеруіне әлі де болса тәуелді екендігі, қазіргі уақытта еліміздің экономикалық өсімі орта және ұзақ мерзімді өсуді жандандыру кезеңінде екендігі анықталды. Сондықтан қазіргі сәтте жаңа салаларды дамытуға және олардың жалпы ішкі өнімге (ЖІӨ-ге) қосатын үлесін арттыру үшін жоғары технологиялармен жабдықталған секторларды қолдауға басымдық бере отырып экономиканы әртараптандыру қажет. Ол үшін қолданбалы және іргелі ғылымдарға емес, жаңа материалдар, өнімдер, процестер жасауға бағытталған тәжірибелік-конструкторлық жобаларға ҒЗТКЖ шығындардың үлесін арттыру, ғылымды қажетсінетін экономика үшін адами капитал мен негізгі капиталға инвестицияларды ұлғайтқан дұрыс.

*Түйін сөздер:* экономикалық өсу, ЖІӨ, инвестиция, капитал, адами капитал, еңбек өнімділігі, ресурстар, экспорт, шикізат, өнеркәсіп, өңдеуші өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, қызметтер, ғылыми-техникалық прогресс, технология.

## КІРІСПЕ.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың 2024 жылғы халыққа арнаған жолдауында Үкімет пен жергілікті атқарушы органдарға экономиканың құрылымын өзгертуге назар аударуды тапсырды. Осы жолдауда Президент «Еліміздің тұрақты дамуына мүмкіндік беретін жаңа тетіктерді қарастырған жөн», - деген болатын [1]. Ол үшін ұзақ жылдар бойы артқа қалдырылған құрылымдық реформалар жүргізіліп, адами капиталды дамыту және шетелдік инвестицияларды ынталандыру, шағын және орта бизнесті дамыту бойынша кешенді жұмыстар атқарылуы тиіс.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі ҚР Президентінің мұнайлық емес секторды дамытуға баса назар аудара отырып, экономиканы әртараптандыру арқылы 2029 жылға қарай Ұлттық экономиканың өсуін 450 миллиард долларға дейін жеткізу қажет деген ел Үкіметінің алдына қойған бірінші кезектегі міндетімен күшейтілді.

Кез-келген елдің экономикалық өсуі оның ЖІӨ құрылымын талдаумен байланысты, өйткені бұл ресурстарды, әртүрлі секторлардың даму деңгейін және олардың жалпы экономикалық әлеуеттегі даму дәрежесін көрсететін экономика құрылымы. Елдің негізгі экономикалық міндеті - экономиканың өсуін қамтамасыз ету және азаматтардың әл-ауқатын арттыру. Осыны ескере отырып, экономикалық өсудің маңыздылығын және оның артуына әсер ететін факторларын түсіну маңызды. Сондықтан елдегі экономикалық өсуді қамтамасыз ететін факторларды анықтау қажет. Ол үшін экономикалық өсудің факторларының теориялық негіздеріне тоқталамыз.

Әдебиеттерге шолу. Экономикалық ғылымға алғаш рет экономикалық өсу мен экономикалық даму арасындағы айырмашылықты Й.Шумпетер енгізді. Бұл екі ұғымның арасындағы айырмашылықты оның «қалағаныңызша пошта кареталарын қатарға қойсаңызда, Сіз теміржолды жасай алмайсыз» деген сөзімен түсіндіруге болады [2, б.6]. Осылайша, экономикалық даму - бұл ұзақ мерзімді перспективада сандық және сапалық өзгерістердің қайтымсыз процесі, бұрын белгісіз болған жаңа нәрсенің пайда болуы немесе басқаша айтқанда инновация. Экономикалық өсу категориясы кез-келген экономикалық жүйелердегі әлеуметтік өндірістің маңызды сипаттамасы болып табылады. Үш негізгі фактордың жиынтығында экономикалық өсудің негізін сипаттай отырып, С.Кузнец техникалық прогресті бірінші орынға қояды, яғни оның ойынша экономикалық өсу жаңа технологияларды қолданумен қамтамасыз етілуі керек [2, б.6]. XIX ғасырдың классикалық экономикалық теориясында экономикалық өсуге айтарлықтай орын берілді. Экономикалық өсудің мәні, механизмі және тенденциялары экономиканың классикалық өкілдерінен бастап А.Смит, Д. Рикардо, Т.Мальтус қазіргі зерттеуші ғалымдардың назарында болды [2, б.7].

Экономикалық өсу теориясы алғашқы және маңызды неоклассикалық өсу моделін ұсынған Solow еңбектерінен бастау алады. Неоклассикалық тәсіл ұзақ мерзімді экономикалық өсуді түсіндіретін өндірістің негізгі факторлары ретінде еңбек пен капиталмен қатар технологиялық прогресті қарастырады. Solow экономикалық өсудің шешуші факторы капитал емес, технологиялық прогресс екенін көрсетті [3]. Техникалық процестің адами капиталға тәуелділігі, осылайша оқу процесінде жинақталған ғылыми білім мен практикалық тәжірибе көлемі Romer-дің жұмысынан басталған эндогендік өсу заңдылықтарына бетбұрыс жасады. Эндогендік өсу теориясына сәйкес ұзақ мерзімді экономикалық өсудің негізгі көзі - технологиялық прогресс - экономикалық өсуге елеулі үлес қосатын және инновацияларға, жаңа технологияға айналатын зерттеулер мен әзірлемелердің, адами капиталға құйылған инвестициялардың нәтижесі. Осы тұжырымның экономикалық өсудің екі факторлы моделінен негізгі айырмашылығы осы-да [4]. Институционалдық фактор экономикалық өсудің ең танымал факторы болды. Acemoglu және Robinson ұзақ мерзімді өсудің негізгі шарты географиялық жағдайлар емес, институттардың сапасы екенін көрсетті, олар тіпті жұмыс күші мен технологияның сапасы да екінші орында деген пікір білдірді. Институттар деп экономикалық агенттердің өзара әрекеттесуін, соның ішінде заңның үстемдігін, меншік құқығын қорғауды, нарыққа кіруді және т. б. қалыптастыратын қоғамдағы ойын ережелерін түсінеміз [5]. Көп жағдайда өсу теориясында қаржы өсу факторы ретінде қарастырылмайды. Робинсон қаржы секторы нақты сектордағы дамуды қадағалайды және қаржы экономикалық өсуді тудырмайды, бірақ нақты сектордағы сұраныстың өзгеруіне жауап береді деп сендірді.

Отандық ғалым Разакова Д.И. технологиялық инновациялар аймақтық экономиканың сапалы өсуіне ықпал етуде маңызды рөл атқаратындығын атап өтеді [6]. Г.К. Андабаева, П.Н.Сырбек Қазақстандағы экономикалық өсуге әсер ететін негізгі факторлар ретінде сұраныс, ұсыныс және бөлу факторларын ұсынады [7]. Белгілі экономикалық ой тарихшысы Б. Селигмен «Экономикалық өсу өте күрделі құбылыс екені анық. Экономикалық өсудің қанағаттанарлық теориясы табиғи ресурстарды, саяси институттарды, заңнаманы, сондай-ақ көптеген психологиялық және әлеуметтік факторларды ескеруі керек. Жан жақты теорияны әзірлеу мүмкін емес міндет болып табылады» деген тұжырымы –бұл көрнекті экономистер, экономикалық өсу теорияларының авторлары, әрине, жан-жақты және әмбебап теорияны құруға таласпады, мүмкін еместі мүмкін етуге тырыспады дегенді білдіреді [8]. Сондықтан әр теорияда немесе модельде бар белгілі бір болжамдар немесе абстракциялар бұл экономикалық өсудің маңызды факторларын бөліп көрсетуге және зерттеуге мүмкіндік береді.

Зерттеудің негізгі ережесі. 2024 жылы Қазақстан экономикасының өсуі 4,8% -ды құрады. Өсім негізінен ауыл шаруашылығы, құрылыс, сауда, көлік салаларының жоғары серпінге қол жеткізуінен болды.

Ауыл шаруашылығы мен өңдеу саласында соңғы он жылдағы ең қарқынды өсім тіркелді. 2024 жылы экономиканың өсуі мұнайлық емес сектордың дамуымен толық қамтамасыз етілді. Дейтұрғанмен, «4% деңгейіндегі экономикалық өсім Қазақстан үшін жеткіліксіз» –деді Мемлекет басшысы Тоқаев өзінің «Ана тілі» газетіне берген сұхбатында [9].

Тауар өндіру секторында ЖІӨ-нің едәуір бөлігі тау-кен өнеркәсібіне тиесілі, ал өңдеу өнеркәсібінің үлесі оның өсуіне қарамастан шектеулі болып қалады. Тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз ету үшін жоғары технологиялық секторларды дамытуға, адами капиталды инвестициялауға, өндіруші саладан өңдеуші саланың үлесін арттыру мен нығайтуға бағытталған экономиканың салалық құрылымдарын жетілдіру қажет

**Негізгі бөлім**

Экономикалық өсуді нақты ЖІӨ динамикасы және жан басына шаққандағы ЖІӨ көрсеткіштерімен анықтайды. Экономикалық өсу қарқынын зерттеуші қазіргі ғалымдардың пікірінше, бұл екі көрсеткші елдің экономикалық өсу қарқынын шынайы бейнелей алмайды, дейтұрғанмен, экономикалық өсуді шынайы анықтайтын көрсеткіштер анықталмағандықтан, американдық экономист Саймон Кузнец бастаған ғалымдар тобы негізін салған осы макроэкономикалық көрсеткіштер күні бүгінге дейін әлемдік тәжірибеде қолданылуда. Еліміздегі кейінгі жылдардағы экономикалық өсудің динамикасы 1-суретте көрсетілген.




1-сурет. 2020-2024 жылдардағы ҚР ЖІӨ динамикасы, млн.доллар, %

Ескерту [10] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

Соңғы бесжылдық кезеңдегі экономиканың нақты өсуі құбылмалы динамикаға ие болды және нәтижесінде 2020 жылғы (-2,6%)-дан 2024 жылы 4,8%- ға дейін өсіп, соңғы бес жыл (2020-2024 жылдар) ішінде алғаш рет 2023 жылы 5%-дан асты [10]. Ресей мен Украина арасындағы қақтығыстың салдары және инфляцияның қарқынды өсуі Қазақстан экономикасына кері әсерін тигізді. Мұнай өндірісінің төмендеуі және елдің Ресеймен тікелей экономикалық байланыстарынан туындаған жеткізу тізбегіндегі мәселелер, сондай-ақ инфляцияның өсуі 2022 жылы экономикалық өсуді бәсеңдетті. Соның салдарынан 2021 жылғы ЖІӨ-нің 4,1%-дық өсімі 2022 жылы 3,2%-ға дейін төмендеді [11].

Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес жалпы ішкі өнімнің нақты көлем индексі 2023 жылы өндіріс әдісімен 105,1% құрады. ЖІӨ құрылымында тауарлар өндірісінің үлесі 36,2%, қызметтер – 56,4% құрады. Ең үлкен өсімді көлік және қоймалау салалары – 117,0%, құрылыс – 115,1%, ақпарат және байланыс – 108,5% көрсетті. ЖІӨ – нің нақты көлем индексіне көтерме және бөлшек

сауда салалары, автомобильдер мен мотоциклдерді жөндеу – 1,32%, өнеркәсіп – 1,27%, құрылыс – 0,8%, көлік және қоймалау – 0,8% үлес қосты. 2024 жылы ЖІӨ өткен жылмен салыстырғанда нақты мәнде 4,8%-ға өсті. Ауыл шаруашылығында – 13,7%, құрылыста – 13,1%, саудада–9,1%, көлікте – 8,5% жоғары серпінге қол жеткізілді. Өңдеу өнеркәсібінің көлемі 5,9%-ға ұлғайды. Ауылшаруашылығында және өңдеуде соңғы 10 жылдағы ең серпінді өсім тіркелді. Сонымен қатар, мұнай өндіру 2,4 млн тоннаға төмендеп, бұл ЖІӨ өсу қарқынына теріс әсер етті.

Соңғы бес жыл ішінде ЖІӨ құрылымындағы ең үлкен үлес қызмет көрсету саласына тиесілі, оның үлесі жыл сайын орта есеппен 55,48%, ЖІӨ құрылымындағы тауарлар өндірісі орта есеппен 38,1%, өнімдерге таза салықтар орта есеппен 6,42% құрайды (сурет 2).




Сурет 2 - Қазақстанның 2020-2024 жылдардағы ЖІӨ құрылымы, %-бен

Ескерту [10] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

Тауар өндіру саласында бес жыл ішінде ЖІӨ құрылымындағы ең үлкен үлес өнеркәсіп секторына тиесілі ол 27,66%-ды, тау-кен өндіру өнеркәсібі мен карьерлерді қазу үлесі 13,12% -ды, өңдеу өнеркәсібі 12,84%-ды құрайды.

ЖІӨ құрылымындағы өңдеу өнеркәсібі секторының үлесі соңғы бес жылда небәрі 2020 жылғы 13,10% - дан 2024 жылы 12,00% - ға дейін төмендеді (сурет-3).




Сурет 3 - 2020-2024 жылдардағы ҚР ЖІӨ құрылымындағы тауарлар өндірісі үлесінің серпіні, %

Ескерту [10] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші бойынша экономиканың екінші секторына жататын өңдеуші өнеркәсіп ЖІӨ-ге айтарлықтай үлес қоспайды. ЖІӨ-дегі тауарлар өндірісіндегі негізгі үлесті өнеркәсіп саласы және тау-кен өнеркәсібі мен карьерлерді қазу құрайды. Бастапқы сектор басым және өңдеуші өнеркәсіптің үлесі шектеулі экономиканың мұндай құрылымы салалық бағыттарды әртараптандыру қажеттілігіне аса мұқтаж, мұнда ел ішінде құрылған қосылған құн үлесін ұлғайтуға, шикізат ресурстарына тәуелділікті төмендетуге және экономикалық өсудің орнықты көздерін құруға ықпал ететін инвестициялар маңызды рөл атқарады.

Экономиканың жай-күйін дәлірек анықтау үшін, әсіресе еларалық салыстырулар үшін жан басына шаққандағы нақты ЖІӨ динамикасы есептеледі. Бұл көрсеткіш әдетте белгілі бір елдің өмір сүру деңгейі мен халықтың әл-ауқатының динамикасын сипаттау үшін қолданылады. ҚР Ұлттық статистика бюросының ресми ақпараттық ресурсының деректері бойынша, Қазақстан халқының жан басына шаққандағы ЖІӨ 2024 жылы 14,3 мың долларға жетті (сурет-4) [12].




Сурет 4 - 2020-2024 жылдардағы ҚР жан басына шаққандағы ЖІӨ

Ескерту [12] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

Қазақстан Республикасының жан басына шаққандағы ЖІӨ 2024 жылы 2023 жылмен салыстырғанда 8,7%- ға немесе 1137,9 долларға ұлғайып, 14 291,3 долларды құрады. 2020-2024 жылдардағы көрсеткіштің өзгеру динамикасы оң екендігін көреміз. Алайда, өсімге шикізат секторы есебінен қол жеткізілді және бұл халықтың әл-ауқаты мен елдегі ішкі өнімділіктің артуына әсер етпейді деп санаймыз. Сонымен қатар, ЖІӨ-нің өсуі халықтың орташа өмір сүру деңгейінің айтарлықтай өсуіне әкелмейтінін атап өту қажет. 2024 жылы өткен 2023 жылғы 9,8%-дан 8,6%-ға дейін төмендегеніне қарамастан, әлі де жоғары болып қалған инфляцияның орташа жылдық деңгейі халықтың нақты табысының динамикасын айтарлықтай нашарлатты [13]. Еңбек өнімділігінің төмендігі, «жасырын» жұмыссыздықтың болуы елдегі жұмыссыздықтың төмен көрінісін тудырады. Мұның бәрі экономиканың өсу қарқыны мен ондағы табыстардың бөлінуі арасындағы әлсіз байланысты көрсетеді. Бұл дегеніміз тиімді ішкі өндіріспен нығайтылған экономиканың сапалы өсуінің жоқтығын көрсетеді 14]. Орта есеппен алғанда 2020-2024 жылдар бойғы нәтижеге шикізат секторы есебінен қол жеткізілді және оны тиімді экономикалық саясаттың салдары деп тануға болмайды. Елдегі әл-ауқат деңгейін бағалау үшін жан басына шаққандағы ЖІӨ көрсеткіші жеткіліксіз, ол үшін экономиканың өнімділігі мен бәсекеге қабілеттілігі, әртараптандыру деңгейі, монетарлық саясаттың тиімділігі және басқалар сияқты компоненттер негізгі бағдар болуы керек.

Экономикалық өсудің құрылымдық және сапалық талдауын жүргіземіз. Экономикада жасалған барлық өнім өндірістік факторлардың – еңбек, капитал, жер және басқа да табиғи ресурстардың өзара әрекеттесуінің нәтижесінде пайда болады және бұл экстенсивті экономикалық өсу деп аталады [15]. Сапалық талдау өндіріс факторларының сапасының өзгеруі экономикалық өсу қарқынына қалай әсер ететіндігін білдіреді. Ол үшін өндіріс факторларының сапасын, демек, экономикалық өсу сапасын сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіштер қолданылады. Экономикалық өсуді ынталандыратын өте маңызды фактор - техникалық прогресс болып табылады, ол іс жүзінде интенсивті типтегі экономикалық өсуді жүзеге асырады. Дамыған елдер экономикаларының даму тенденцияларын ескере отырып, еліміздің экономикасын зерттей келе, оның өсуіне әсер ететін факторларды ұсындық: табиғи ресурстар, еңбек, капитал, ҒТП.

**Табиғи ресурстар.** Бұл қажетті, бірақ экономикалық өсудің негізгі факторы емес. Көптеген елдерде табиғи ресурстар жеткілікті тиімділікпен пайдаланылмайды. Қазақстан экономикасында елдің жалпы ішкі өнімінің көлеміне елеулі әсер ететін бірнеше сектор шешуші рөл атқарады. Ең бірінші орында мұнай-газ өнеркәсібі тұрған болса, сондйа ақ, ЖІӨ-ге әлемдегі жетекші орындардың бірін алатын уран өндіруді қоса алғанда, тау-кен өндіру саласы да елеулі үлес қосады. Ауыл шаруашылығы да маңызды рөл атқарады, әсіресе дәнді дақылдар мен ет өндірісі. Қазақстандағы экономикалық өсудің драйвері болып табылатын шикізатқа, отынға, металға бағдарланған экономика 2000-2007 жылдары (орта есеппен 10%-дан жоғары) өсудің жоғары қарқынын қамтамасыз етті, алайда, дәл осы факторлар әлемдік қаржы дағдарысынан кейінгі жылдары өсу қарқынының айтарлықтай баяулауына әкелді (2011-2012 жылдары 5%-ға дейін және 2013 жылы 5,5%-ға дейін) [16]. Еліміздегі экономикалық өсуді табиғи ресурстарды шикізат күйінде өндіріп, экспорттау арқылы кеңейтуге байланысты барлық мүмкіндіктер қазірдің өзінде пайдаланылуда, алайда бұл ЖІӨ-нің көлемінің сандық ұлғаюын қамтамасыз еткенімен, болашақ ұрпақтың өмірін қолдауға мүмкіндік беретін материалдық қорлар мен резервтерді іс жүзінде азайтып, елдің экономикалық әл-ауқатының нашарлауы мен экономикалық өсудің тиімсіздігін көрсетті.

Қазақстан Республикасының экспорты бойынша тауарлардың негізгі үлес салмағы соңғы үш жылда орта есеппен алғанда келесі ресурстарға тиесілі болды: битуминозды минералдардан алынған шикі мұнай және шикі мұнай өнімдері -53,96%, химиялық радиоактивті элементтер және радиоактивті изотоптар- 4,4%, тазартылған мыс және өңделмеген мыс қорытпалары - 4,5%, кендер мен концентраттар мыс - 3,5%, ферроқорытпалар - 3,3% (сурет-5).




Сурет 5 - 2022-2024 жылдардағы ҚР ЖІӨ құрылымындағы экспортқа шығарылған табиғи ресурстардың үлесі, %-бен

Ескерту [17] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

Үкіметтің экономиканы әртараптандыру және жаңғырту жөніндегі күш-жігеріне қарамастан, шикізат, мұнай-газ секторы Қазақстанның экономикалық және индустралды дамуының негізі болып қала береді [18]. ЖІӨ дегі мұнай өндірісінің үлесі соңғы жылдары тұрақты түрде төмендегеніне қарамастан, Қазақстанның экономикалық өсуі шикізат бағасына байланысты болып келді және әліде жалғасуда. Шикізат секторына жоғары тәуелділік елдің әлеуметтік экономикалық дамуының ресми болжамдарында мұнайдың сценарийлік бағаларын қосу фактісімен расталады. Өндіруші сала басым және өңдеуші өнеркәсіптің үлесі шектеулі экономиканың мұндай құрылымы салаларды әртараптандыру қажеттілігіне аса мұқтаж, бұнда ел ішінде құрылған қосылған құн үлесін ұлғайтуға, шикізат ресурстарына тәуелділікті төмендетуге және экономикалық өсудің орнықты көздерін құруға ықпал ететін инвестициялар маңызды рөл атқарады.

**Капитал.** Қоғамдық өндіріс процесінде капитал факторы өсуге қол жеткізумен тығыз байланысты. Бұл ретте экономикалық өсуді ынталандыру мақсатында негізгі қорлардың тозған бөлігін уақтылы жаңартып қана қоймай, белсенді қорлардың үлесін арттыра отырып, инвестицияларды жүйелі түрде ұлғайту маңызды екенін есте ұстаған жөн. Инвестициялар ЖІӨ-нің құрамдас бөлігі болып табылады, сондықтан оның өсуіне тікелей әсер етеді [19]. Ұлттық Статистика бюросының мәліметтері бойынша соңғы бес жылда негізгі капиталға құйылған инвестициялардың жалпы көлемі 78 182 млрд теңгені құрайды (кесте-1).

Кесте 1 - 2020-2024 жылдардағы Қазақстан Республикасының экономикасына инвестициялардың серпіні

| Көрсеткіштер | Жылдар | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 2020 | 2021 | 2022 | 2023 | 2024 |
| Негізгі капиталға инвестициялар, млрд тг | 12270,1 | 13242,2 | 15 251,1 | 18 043,7 | 19 374,9 |
| Өңдеу өнеркәсібіне негізгі капиталға инвестициялар, млрд тг | 1062,7 | 3708,9 | 1533,6 | 1704,8 | 2069,5 |
| Негізгі капиталға инвестициялардың нақты көлемінің индексі, өткен жылға %-бен | 96,1 | 103,7 | 109,2 | 113,7 | 107,5 |
| Ескерту [20] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған | | | | | |

2023 жылғы негізгі капиталға инвестициялардың негізгі үлесі өнеркәсіпке 45,7%, оның ішінде тау - кен өндіру өнеркәсібі мен карьерлерді қазуға 26,3%, өңдеу өнеркәсібіне 9,4%, жылжымайтын мүлікпен жасалатын операцияларға 17,9%, көлік және қоймалауға 14%, ауыл шаруашылығы, орман және балық шаруашылығына 5,4% тиесілі болған болса, ал 2024 жылы негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 19,38 трлн теңгені құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 7,5%-ға артық. Негізгі үлес өнеркәсіпке 39,7%, оның ішінде тау-кен өндіру өнеркәсібі мен карьерлерді қазуға 18,9%, өңдеу өнеркәсібіне 10,7%, жылжымайтын мүлікпен жасалатын операцияларға 19,1%, көлік пен қоймалауға 18,1%, ауыл, орман және балық шаруашылығына 4,7% тиесілі болды [20]. Инвестициялар Қазақстан экономикасына соңғы үш жыл ішінде негізінен тау-кен өнеркәсібіне құйылды, 2023 жылмен салыстырғанда 2024 жылы тау-кен өнеркәсібіне инвестициялар (-7,4%)-ға айтарлықтай қысқарды, ал керісінше, өңдеу өнеркәсібіне 1,3%-ға артты. Соңғы жылдары инвестициялар мұнайлық емес секторға қарай бағыттала бастады, яғни, мемлекет белгілеген төмен тарифтерге байланысты көптеген жылдар бойы тозған секторларға, мысалы көлік, электрмен жабдықтау және т.б. құйыла бастады. Бірақ, 2024 жылы өткен 2023 жылмен салыстырғанда ауыл шаруашылығы, ақпарат және байланыс, құрылыс сияқты салалардың дамуына қысқарды, бұл стратегиялық перспективада елдің экономикалық өсуіне кері әсерін тигізеді. Бұл салаларды елемеу және жеткіліксіз қолдау еңбек өнімділігін, инновацияларды енгізуді, білім беру мен денсаулық сақтау сапасын төмендетеді, жалпы халықтың әлеуметтік әл-ауқатын нашарлатады.

Үкіметтің 2024 жылғы 18 қазандағы қаулысымен ҚР инвестициялық саясатының 2029 жылға дейінгі тұжырымдамасы бекітілді [21]. Тұжырымдама инвестицияларды тарту және елдің инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін тұтас экожүйені қалыптастыруға бағытталған. Шикізаттық емес

секторға инвестициялар тарту және дамудың шикізаттық моделінен кету үшін негізгі бағдарлар болып еңбек өнімділігінің өсуі, экспорт көлемінің ұлғаюы және күрделілігінің артуы, сондай-ақ өндірістің кезең-кезеңімен оқшаулануы табылады.

**Еңбек.** Қоғамның еңбек әлеуеті бір жағынан сандық параметрлермен, екінші жағынан жұмыс күшінің біліктілік деңгейімен сипатталады. Бұл фактордың ерекшелігі - біліктіліктің артуына, оның қасиетінің өзгеруіне қабілеті бар жұмыс күшінің тасымалдаушысы – адамның ерекшеліктерінен көрінеді және өнім шығаруға әсер етеді. Елдің сапалы экономикалық өсуі үшін еңбек ресурстарын ұтымды пайдалану өте маңызды. Арнайы біліктілігі бар мамандардың көмекші жұмыстармен қамтылуы немесе жұмыссыздардың болуы экономикалық өсуге теріс әсер етеді. Еңбек өнімділігінің артуына білім беру сапасы мен кәсіптік оқыту ықпал етеді және нәтижесінде экономиканың да, жұмыс күшінің де жоғары табысқа жетуіне мүмкіндік береді [22].

Сандық факторлармен қатар жұмыс күшінің сапасы да маңызды рөл атқарады. Қызметкерлердің білімі мен біліктілігі артқан сайын еңбек өнімділігі артады, бұл экономикалық өсу деңгейі мен қарқынының артуына ықпал етеді. Бұл ретте бір қызметкерге келетін негізгі капиталдың көлемі, яғни капитал қарулануы еңбек өнімділігінің динамикасын айқындайтын шешуші фактор болып табылатынын ескеру қажет. Егер белгілі бір кезеңде капитал салымдарының көлемінің өсуімен қатар, жұмыс күшінің саны да едәуір өсетін болса, онда еңбек өнімділігі төмендейді және бұл әр қызметкердің капиталмен қарулануының азайғандығымен байланысты. Компаниядағы еңбек өнімділігі неғұрлым жоғары болса, соғұрлым аз уақыт ішінде және аз шығындармен тауар бірліктері (құндылықтар) жасалады. Еңбек өнімділігі - бұл белгілі бір уақыт аралығында өндірілген жұмыс немесе қызмет көлемін көрсететін шара. Ол өнімнің шығымдылығы мен оны құруға жұмсалған уақыт немесе ресурстардың арақатынасы. Еңбек өнімділігінің артуы әркашан жұмыс көлемінің ұлғаюын білдірмейтінін ескеру маңызды, бұл сонымен қатар уақыт пен ресурстардың аз шығынымен бірдей жұмыс көлемін тиімдірек орындауды білдіруі мүмкін [23]. Қазақстандағы жалпы экономика бойынша еңбек өнімділігі бір жұмыспен қамтылғандарға өсуді көрсетеді (сурет-6) [24].




Сурет 6 - 2020-2024 жылдардағы ҚР еңбек өнімділігі, мың тг.

Ескерту [24] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

Халықаралық зерттеулер ұзақ мерзімді экономикалық өсу мен даму өндіріс факторларының өнімділігінің өсуімен анықталатынын атап көрсетеді [25]. Елдер арасындағы жан басына шаққандағы

табыстың айырмашылығы көбінесе өндірістік факторларды біріктірудің тиімділігін көрсететін жалпы факторлық өнімділікке байланысты. Еңбектің негізгі рөлін ескере отырып, көптеген елдер бұл көрсеткішті арттыруға ұмтылады. ҚР Ұлттық банкінің зерттеуі бойынша Қазақстанның ауыл шаруашылығы мен өңдеу өнеркәсібіндегі өнімділік дамыған елдерден едәуір артта қалып отыр. Қазақстандағы еңбек өнімділігінің төмендігі жалақының елеулі өсуі үшін әлеуетті шектейді, бұл өз кезегінде тұтынушылық сұранысты тежейді және ішкі өндіріс пен тұтастай экономиканың дамуына ықпал етпейді. Нәтижесінде жалақы негізінен тау-кен өнеркәсібінде шоғырланған салыстырмалы түрде жоғары табысы бар салалар бойынша өте біркелкі бөлінбейді. Қазақстанның тау-кен өндіру өнеркәсібіндегі жалақының ең жоғары болуы, бұл өндіруші секторларға қарай капиталдың шоғырлануын көрсетеді. Елімізде секторлардағы жалақылар арасында алаңдатарлық алшақтық байқалады: тау-кен өндіру саласында орташа айлық жалақы ауыл шаруашылығы көрсеткіштерінен үш есе дерлік және өңдеу өнеркәсібінде екі есе артық. Қазақстанның өңдеу өнеркәсібінде шикізат сипатындағы өнімдер басым, бұл ел экономикасында шикізат секторының басым екендігін тағы да дәлелдейді.

Еңбек өнімділігі индексі - кезең бойынша еңбек өнімділігінің өзгеруін көрсететін көрсеткіш [26]. Еңбек өнімділігінің өсу индексі өндірістік қуаттың қаншалықты тиімді жұмыс істейтінін және жұмыс уақыты қорының қаншалықты ұтымды пайдаланылатындығын көрсетеді (сурет-7).




Сурет 7 - 2020-2024 жылдардағы еңбек өнімділігінің индексі

Ескерту [27] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

Орталық банкінің шикізат өнімдері, аралық өнімдер, азық-түлік және жоғары технологиялық өнімдер сияқты өңдеу өнеркәсібінің төрт секторындағы еңбек өнімділігіне жасаған талдауларына сәйкес 2023 жылы шикізат секторы жоғары технологиялық сектордың жалпы өнімінен төрт есе дерлік асып түскен [28]. Шикізат өнімдері мен өңдеуші өнеркәсіптің жоғары технологиялық секторының жалпы өнімі арасындағы бұл үлкен алшақтық елдің экономикалық құрылымына бірінші болып айтарлықтай әсер етеді. 2020-2024 жылдардағы шикізат өнімдеріндегі еңбек өнімділігі жоғары технологиялық және аралық өнімдерге қарағанда екі есе жоғары, бұл өңдеу өнеркәсібі құрылымындағы үздіксіз теңгерімсіздікті көрсетеді. Сонымен қатар, шикізат секторындағы жалдамалы жұмысшылардың саны өңдеуші өнеркәсіптің басқа секторларымен салыстырғанда едәуір жоғары, демек, бұл осы саланың капитал сыйымдылығын ескергендегі күтпеген жағдай. 2024 жылдың 3 тоқсанында шикізат секторында шамамен 1154,2 мың жалдамалы жұмысшы жұмыс істеді, бұл жоғары технологиялық салалардағы жұмысшылармен салыстырғанда едәуір жоғары. Бұл еңбек ресурстарын аз қажет ететін шикізат салаларының еңбек сыйымдылығы туралы жалпы түсінікке қайшы келеді және елімізде жұмыс күшін пайдалану тиімділігі туралы маңызды мәселелердің бар екендігін көрсетеді. Экономиканың шикізаттық бағыты мен еңбек өнімділігінің төмендігі Қазақстандықтардың көбірек ақша табуына кедергі келтіреді.

Жеке сектор, шағын және орта бизнес экономиканың тірегіне және оның тиімділігінің қайнар көзіне айналмағанымен қоймай, сонымен қатар құлдырауда. Ал, мемлекет көптеген салалардағы өнімділігі төмен компанияларға нарықта қалуға мүмкіндік береді [29].

Қазақстандағы еңбек өнімділігінің төмендігінің негізгі себептері болып білікті мамандардың тапшылығы, қаржыландырудағы қиындықтар, қызметкерлердің қызығушылығының болмауы, жаңа дағдылар мен технологияларды меңгерудегі жалғандық, «жасырын» жұмыссыздық. Еңбек өнімділігін арттырудағы кедергілер: бәсекелестіктің төмен деңгейі; компаниялар үшін арзан жұмыс күшінің технологияны енгізуге қарағанда тиімдірек болуы; жабдықтардың тозуы, тиімсіз жұмысшылардың үлкен үлесі; еңбекті ұйымдастырудың төмен тиімділігі; ресурстарды өндіруге және экспортқа жоғары тәуелділік; экономиканың жеткіліксіз әртараптандырылуы; жұмысшылар біліктілігінің және дағдыларының нарықтың нақты талаптарына сәйкес келмеуі; бейресми жұмыспен қамтудың жоғары деңгейі; сондай ақ кәсіптік білім беру мен оқыту жүйесінің жеткіліксіз дамуы.

**Ғылыми-техникалық прогресс (ҒТП).** Ғылыми-техникалық прогресс экономикалық өсудің маңызды факторы болып табылады. Ғылыми-техникалық прогресс елдің экономикалық өсуіне оң әсер етеді. Бұл озық технологияларды енгізу және жұмыс күшінің сапасын жақсарту арқылы еңбек өнімділігін арттырудан көрінеді. Елдің экономикалық өсуіне әсер ететін ғылыми-техникалық прогресстің негізгі көрсеткіштері – бұл ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерге жұмсалатын шығындардың шамасы (шығындар неғұрлым жоғары болса, жалпы ішкі өнім соғұрлым жоғары болады); технологиялық бағыттағы өндіріс көлемі (технологиялық өндіріс жалпы ішкі өнімнің өсуін ынталандырады); инновациялық тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің көлемі [30].

Елдің экономикалық өсуіндегі ҒТП –тің рөлі мен ЖІӨ қосқан үлесін анықтау үшін, оның ҒЗТКЖ жұмсаған шығындарын талдау маңызды. Қарапайым тілмен айтқанда, ҒЗТКЖ шығындары - бұл өнімді немесе қызметті зерттеуге және дамытуға байланысты барлық шығындар, сондай-ақ патенттер мен авторлық құқықтарды қоса алғанда, ҒЗТКЖ кезеңінде құрылған кез келген зияткерлік меншік. Қазақстандағы ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға жұмсалған шығындар соңғы бірнеше жылда рекорд көрсетті. ҚР Ұлттық статистика бюросының мәліметтері бойынша, 2023 жылы әртүрлі ғылыми зерттеулерге 172,6 млрд теңге жұмсалды, бұл 2022 жылмен салыстырғанда бірден 42%-ға өсті. Ғылым саласындағы барлық ақшаның жартысынан көбі - ғалымдардың, зертханашылардың, инженерлердің, конструкторлардың жалақы қоры және т.б. жұмсалған. 2023 жылға бөлінген 172,6 млрд теңгенің дәл осы шығын бабы 50,5% немесе 87,2 млрд теңгені құрады. Ғылыми жұмыстарға арналған жабдықтарды тікелей сатып алу жалпы бюджеттің 5,7% құрады (сурет-8).




Сурет 8 - 2019-2023 жылдардағы ҒЗТКЖ-ға ішкі шығындар, млрд тг, %

Ескерту [31] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

Елдегі ғылымның негізгі қозғаушы орталықтары Астана мен Алматы қалалары болғандықтан, ҒЗТКЖ-ға арналған барлық қаражаттың үштен екісі осы қалаларға бөлінді. Бас қаланың ғылым саласына жұмсалған шығындар 36,7 млрд теңгені, оңтүстік астанада 77,2 млрд теңгені құрады. Өңірлер арасында тек Маңғыстау (13,6 млрд тг), Шығыс Қазақстан (8,2 млрд тг), Қарағанды (7,8 млрд тг), Абай (5,8 млрд тг) облыстары ғана елеулі сомалармен көзге түсті. Үкімет экономиканың ғылымды қажетсіну көрсеткішін ЖІӨ-нің 1%- на дейін жеткізуді мақсат етіп қойды. 2021 жылы ол 0,13%, 2022 жылы ол 0,12%, ал 2023 жылы 0,14% -ды құрады [31].

Ғылыми жұмыстарды орындаған меншік түрлері бойынша кәсіпорындардың шеңберінде мемлекеттік мекемелер бірінші орында, олар бюджеттің көп бөлігін алады. 2023 жылы мемлекеттік сектордың үлесі 52,9% құрап, жыл ішінде 8%-ға өсті. Ғылыммен айналысатын мемлекеттік компанияларды қаржыландыру динамикасына сүйенсек, 2023 жылы олар 91,2 млрд теңгеге немесе 68,5%-ға көп қаржы жұмсаған, ал 2022 жылы бұл көрсеткіш 54,1 млрд теңгені құраған. Жекеменшік кәсіпорындар қаражат бойынша 78,1 млрд теңгеге немесе 20%-ға өсті, бірақ мемлекеттік кәсіпорындармен салыстырғанда өте аз, олардың ҒЗТКЖ-ға жұмсалған жалпы шығындардағы үлесі 45,2% құрады. Шетелдік компаниялардың қазақстандық ғылымның шығындарындағы үлесі бар болғаны 1,9%.

ҰБС мәліметтеріне сүйенсек, Қазақстандағы ғылымға арналған шығыстар алты санатқа тең бөлінеді: жаратылыстану ғылымдары, гуманитарлық ғылымдар, медицина, әлеуметтік сала, ауыл шаруашылығы, инженерлік әзірлемелер. Айта кету керек, ең маңызды өсім қазақстандық экономика үшін ҒЗТКЖ-ның екі санатында орын алып отыр. 2019-2023 жылдардағы ғылым салалары бойынша ҒЗТКЖ-ға бюджеттен бөлінетін ішкі шығындардың ішінде инженерлік әзірлемелер мен технологияларды қаржыландыру 59,5 млрд теңгеге немесе 17,7%-ға, жаратылыстану ғылымдарын қаржыландыру 58,8 млрд теңгеге немесе 37,9%-ға өскен болса, басқа ғылым салаларына шығындар аз өскен [31].

Ғылыми жұмыстардың түрлері бойынша теориялық зерттеулер әлі күнге дейін қазақстандық ғылымның негізін құрайды. Өткен жылы еліміздегі ҒЗТКЖ шығындарының 160,2 млрд теңгесі немесе 92,8% іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерге тиесілі болды (кесте-2).

Кесте 2 - 2019-2023 жылдардағы жұмыс түрлері бойынша ҒЗТКЖ-ға ішкі шығындар, млрд тг

| | Жылдар | | | | | 2023ж/2022жж%-бен |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | 2019 | 2020 | 2021 | 2022 | 2023 | |
| Ғылыми зерттеулер мен әзірлемелер, соның ішінде: | 63,6 | 68,7 | 89,5 | 104,9 | 160,2 | 52,6% |
| іргелі зерттеулер | 11,0 | 14,2 | 20,6 | 27,9 | 47,9 | 71,70% |
| қолданбалы зерттеулер | 52,6 | 54,5 | 68,9 | 77,0 | 112,3 | 45,70% |
| ТКӘ, соның ішінде: | 18,6 | 20,4 | 19,8 | 16,6 | 12,4 | -25,3% |
| жобалау-конструкторлық және технологиялық жұмыстар | 16,8 | 18,5 | 17,4 | 6,2 | 8,8 | 43,20% |
| тәжірибелік үлгілерді, бұйымдар (өнімдер) партияларын дайындау | 1,41 | 1,38 | 1,94 | 10,05 | 2,95 | -70,70% |
| құрылысқа арналған жобалау жұмыстары | 0,448 | 0,507 | 0,466 | 0,360 | 0,579 | 60,90% |
| Ескерту [31] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған | | | | | | |

Тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың үлесі аз, небәрі 7,2% немесе 12,4 млрд теңге. 2022 жылмен салыстырғанда ТКЖ шығындарының үлес салмағы екі есеге қысқарды. Тағы бір маңызды мәселе – ТКЖ шығындарының үштен екісі жобалау-конструкторлық және технологиялық жұмыстарға жұмсалса, ал үлгілер мен бұйымдарды, жаңа өнімдерді жасауға тек қана 3 млрд теңге жұмсалған. Айта кетерлігі, қосылған құны жоғары тауарларды өндіру үшін маңызды перспективалы салаларда қазақстандық ғылым дамуға бірнеше есе аз ақша салады. Мысалы, 2023 жылы ҚР-да компьютерлер, электронды және оптикалық жабдықтар шығару кезінде ғылыми зерттеулерге 203 млн теңге жұмсалған болса, дайын металл бұйымдарын шығаратын компаниялар ҒЗТКЖ-ға бар болғаны 59,4 млн теңге жұмсаған.

Экономикалық қызмет түрлері бойынша шығындар статистикасы бизнестің ғылымды дамытуға теориялық және төмен қызығушылығын көрсетеді. 2022 жылы ҒЗТКЖ-дағы барлық шығындардың 80%-ға жуығы тек мамандандырылған бөлімшелерге - ғылыми ұйымдар мен білім беру мекемелеріне тиесілі болды. Салыстырмалы түрде экономиканың ең ауқымды салаларының ғылымға жұмсаған шығындары аз. Мысалы, металлургия өндірісіндегі ҒЗТКЖ-ға ішкі шығыстар 2023 жылы небәрі 1,5 млрд теңгені, химия өнеркәсібінде 2 млрд теңгеден сәл астам соманы құрады.

Ғылымды қаржыландыруға арналған жоспарларда әзірге тек мемлекеттік қаражаттың үлесі басым, ал коммерцияландыру жобалары мен жеке қаржыландырудың үлесі әлі де аз. ҚР ҒжЖБМ-нің Ғылым комитетінің жоспарларына сәйкес, 2025-2027 жылдары коммерцияландыру жобаларын жеке қаржыландырудың үлесі 58%-ға жетуі тиіс. Егер осы болжамдар мен жоспарлардың барлығы іске асса, онда 2027 жылға қарай Қазақстан экономиканың ғылымды қажетсіну көрсеткіштеріндегі артта қалушылықты еңсере алады және ҒЗТКЖ шығындарын ЖІӨ-нің кемінде 1%-на дейін жеткізе алады. 2022 жылы бұл көрсеткіш 0,13%, ал 2023 жылдың ортасында 0,25% құрады. Осы динамиканы ескергеннің өзінде ғылымға кететін шығындар көрсеткіші өте аз болып отыр. Егер Ourworldindata Жаһандық деректер базасының сайтында жарияланған 2021 жылғы халықаралық рейтингке қарайтын болсақ, Қазақстан табыс деңгейі орташадан төмен елдердің қатарына да жете алмайды, үш жыл бұрын ҒЗТКЖ шығындардың үлесі 0,5% аралығында болды. Ал орташа табысы бар елдер ғылымға 1,9%, дамыған мемлекеттер 3% қаражат аударады.

Қазақстандық ғылымның ең үлкен проблемасы - оның теориялануы және өнеркәсіп пен бизнестен үлкен алшақтығы. Жоғарыдағы талдаулар көрсеткендей ҚР-дағы іргелі және қолданбалы ғылыми жобаларға ҒЗТКЖ-ға бөлінетін барлық қаржының 82%, ал жаңа материалдар, өнімдер, процестер жасауға бағытталған тәжірибелік-конструкторлық жобаларға небәрі 18% тиесілі. Демек, ашылулар мен әзірлемелердің көп бөлігі қағаз жүзінде қалады және экономика үшін «жұмыс істемейді» [31].

Зерттеулер көрсетіп отырғандай, ғылыми жетістіктерді іс жүзінде пайдалану мүмкіндігі болмаған кезде, кәсіпкерлерді ғылымға инвестициялардың қажеттілігі мен пайдалылығына сендіру өте қиын. Осыған байланысты, ҒЗТКЖ шығындардың артуына қарамастан, ЖІӨ-нің ғылымды қажетсінуі соңғы жылдары өзгеріссіз қалып отыр. Егер бизнестің проблемаларды шешуге деген сұраныстары мен ғалымдардың нарыққа ұсыныстарын салыстыратын болсақ, үлкен қарама-қайшылықтардың бар екендігін сеземіз. Әрине, қаржыландыруды іздейтін дайын жобалардың ішінде қазіргі уақытта мұнай және көмір өндіруші компанияларға, құрылыс материалдарын өндірушілерге, геологиялық ізденістерге, коммуникациялық технологияларға арналған бірнеше ғылыми еңбектер бар. Бірақ, бизнестің ғылыми жобаларға деген технологиялық сұраныстары сәл өзгеше бағытқа ие, мысалы, құрылыс компаниясы ғалымдардан құрылыс мерзімдерін қысқартуға және шығындарды арзандатуға мүмкіндік беретін инновациялық технологияларды әзірлеуді, шаруа қожалықтары қауымдастығы ғалымдардан құрғақ аймақтардағы мал азығы мәселесін шешуге көмектесетін жобаларды, тамақ өнеркәсіптері ұйымдастыру және олардың өнімдерін экспортқа шығару бойынша мәселелерді шешетін ұсыныстарды талап етеді.

**Қорытынды**

Зерттеу барысында анықталғандай, Қазақстанның экономикалық өсуіне ықпал ететін маңызды өндіріс факторлары табиғи ресурстар, капитал, еңбек және ҒТП. Аталған факторларды тиімді пайдалана отырып, өңдеуші өнеркәсіп саласын, атап айтқанда тау-кен, металлургия, машина жасау, химия, ауыл шаруашылығы, тамақ өнеркәсібі, IT, медицина, білім беру, ғылым, энергетика, оның ішінде жаңартылатын энергия көздерін дамыту, туризм салаларына басымдық бере отырып Қазақстан сапалы экономикалық өсуге қол жеткізеді. Жүргізілген зерттеудің талдаулары мен нәтижелері келесі тұжырымдарға әкеледі:

- Соңғы 23 жылда Қазақстан экономикасының өсуі негізінен табиғи ресурстарды пайдаланудың өсуімен байланысты болды. Бұл ұзақ мерзімді экономикалық өсудің тұрақтылығының негізгі тәуекелдерін нақтылайды. Экономиканы әртараптандыру бойынша жүргізіліп жатқан экономикалық реформаларға қарамастан, еліміз «голландиялық аурудан» құтылған жоқ. Ол үшін маңызды атқарылуы тиіс маңызды міндеттердің бірі- шикізат экспортына тәуелділікті азайтып, қосылған құны жоғары тауарларды өндіруге көшу.

Әлемдік геосаяси контекстте Қазақстан табиғи ресурстар қоры бойынша күшті ойыншы бола тұрсада, алайда нарықта орнығу үшін бірқатар негізгі міндеттерді шешу қажет: біріншіден, мыс, никель, вольфрам, литий, барит, галлий сияқты жер металдарын, сондай ақ, базалық және сирек кездесетін ресурстарды Қазақстанның «ертеңгі күнінің мұнайына» айналдыру қажет, ол үшін тау-кен саласын жаңғырту қажет. Егемендігін алған уақыттан бастап бүгінгі күнге дейін елдегі ресурстардың едәуір бөлігі шикізат түрінде экспортталады, бұл өз кезегінде қосымша құнды шектейді. Ел ішіндегі «midstream»-ге басымдық бере отырып, қайта өңдеу саласына инвестицияларды құюды күшейту қажет, өз кезегінде бұл ұлттық табысты ұлғайтып қана қоймай, экономиканың бәсекеге қабілеттігін арттырып, интенсивті экономикалық өсуге оң ықпалын тигізетін болады. Аталған маңызды минералдық ресурстарға сұраныстың өсуі еліміз үшін бірегей мүмкіндіктер ашады; екіншіден, инвесторлар үшін компаниялардың тұрақты даму аясындағы қызметін бағалау үшін экологиялық тұрақтылық, әлеуметтік жауапкершілік аспектілерін қамтитын ESG стандарттарын енгізуді күшейту маңызды.

- Негізгі капитал тек машиналар мен құралдардан, табыстар мен жерлерден ғана емес, сонымен қатар «барлық тұрғындардың немесе қоғам мүшелерінің меңгерген және пайдалы қабілеттерінен» тұрады. Қазіргі экономикалық жүйенің айрықша ерекшелігі - адами капиталдың өсуі, өйткені адами капиталға қаражат жұмсамай, табысты ауыл шаруашылығы мен гүлденген өнеркәсіпке ие болу мүмкін емес. Елімізде жыл сайын IT технологиялар, аграрлық, тау-кен саласындағы мамандықтарға бөлініп жатырған мемлекеттік гранттар мен білім беру бағдарламаларына бизнес тарапынан жасалынып отырған ұсыныстар мен өзгертулерге қарамастан, олардың нәтижесі көңіл көншітерлік емес, себебі болашақ мамандар тек теориялық біліммен шектелген және жұмыс берушілер тарапынан сұранысқа ие емес, бәсекегеқабілетсіз болып қалып отыр. Тағы бір мәселе, еңбек өнімділігінің динамикасы жалақының өсуінен артта қалып отыр, қарапайым тілмен айтқанда, еңбектің өнімділігі аз, табыстылық көп. Мұндай теңгерімсіздік баға деңгейін көтеріп, жоғары инфляцияға итермелейді. Сондай ақ, ҒЗТКЖ шығындары мен өнімділік арасында өзара байланыс жоқ, өйткені ҒЗТКЖ-ға бөлініп жатырған шығындар - ғылыми жаңалықтардың нәтижелерін көрсетіп отырған жоқ. Көп жағдайда, ғылыми жаңалықтар, жаңа өнеркәсіптік үлгілер мен патенттер табысты түрде коммерцияланбайды, өйткені бұл кәсіпорындардың талаптарына сай емес. Келесі мәселе, экономиканың салалары бойынша еңбек өнімділігінің айырмашылығы - бұл Қазақстанның тұрақты экономикалық дамуы үшін сын-қатерлер туғызады. Жекелеген салаларда өнімділіктің жоғары шоғырлануы табыстың біркелкі бөлінбеуіне және өмір сүру деңгейіндегі айырмашылықтарға әкеледі. Ауыл шаруашылығы саласындағы еңбек өнімділігінің төмендігінің себептері- тұқымдардың сапасыздығы (көптеген ауыл кәсіпкерлері өз қаражаттарының болмауына байланысты сапасыз тұқым сатып алады), техникалық жабдықталудың әлсіздігі, мысалы тыңайтқыштар мен өсімдіктерді қорғау құралдарының жеткіліксіз деңгейі, техникалық жарақтандырылудың заманауи талаптарға сай келмеуі, шаруалардың білім деңгейінің жеткіліксіздігі, агротехникалық әдістерді білмеу, жануарларды ұстау және оларға күтім жасау талаптарын бұзу, қолданыстағы техникалардың пайдалану мерзімінің ұзақтығы, ауыл шаруашылығы машиналарын дайындаудың толық циклі бар зауыттардың жоқтығы - фермерлерді шетелдік техниканы жоғары бағамен сатып алуға тәуелді етеді (бұл шаруаларға қаражат жағынан салмақ салады).

Сондықтан, біріншіден, адами капиталға инвестиция құюды қолда бар білімді берумен ғана емес, сонымен қатар өндірістің барлық факторларын қозғалысқа келтіретін және жаһандық экономикалық өсуді қамтамасыз ететін инновациялар мен техникалық өзгерістердің көзі болып табылатын жаңа білімді қалыптастыру және мамандардың, әсіресе жастардың бойында отансүйгіштік патриотизмді жігерлендіру маңызды; екіншіден, адами капиталдың біліктілігін арттыруға және өнімділігі төмен секторларда технологияларды дамытуға инвестицияларды күшейту, еңбек миграциясы мәселелерін оңтайландыру, ғылыми-техникалық бағытта жұмыс істейтін талантты жастардың елдегі жұмыс жағдайын, ынталандыру жүйесін жақсарту қажет; үшіншіден, өндіруші салаларға жұмсалатын шығындарды, өнімді тасымалдау мен өткізуге жұмсалатын шығындарды қысқартып, технологиялық жаңарту мен цифрландыруға инвестицияларды арттыру қажет; төртіншіден, ауыл шаруашылығы саласында еңбек өнімділігін арттыру үшін техникалық жарақтандыруға лизингтің пайыздық мөлшерлемесін субсидиялауды ұлғайту, ауыл шаруашылығы саласы мамандарының біліктілігін (заманауи озық технологияларды қолдану

бойынша) арттыру жөніндегі шаралар, мысалы, тәжірибе алмасу, аграрлық саласы дамыған мемлекеттерде тағылымдамадан жұмысшыларды өткізу, орта және жоғары оқу орындарының оқу жоспарларында технологияларды меңгеруге басымдық беру ұсынылады; бесіншіден, ҒТП-ті дамыту үшін халықаралық ынтымақтастық, сонымен қатар басқа елдерден инвестициялар тарта алатын қолайлы инновациялық ортаны құру, тәжірибе алмасу, бірлескен зерттеулер мен әзірлемелерді жүзеге асыру-бұл технологияның даму процесін жеделдетуге және ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Тағы бір маңызды аспект болып, ҒЗТКЖ бөлінетін шығындарды тек мемлекет қаржысының есебінен ғана емес, бизнес тұрғысынанда қаржыландыруға қызығушылықты арттыру, қоғам мен экономика үшін стратегиялық маңызы бар салалардағы зерттеулерге қаражатты бөлу, дамудың өзекті мәселелері мен міндеттерін шешуге ықпал ететін зерттеулерді қолдау, мемлекеттің салықтық жеңілдіктер немесе инновациялық кәсіпорындар үшін арнайы бағдарламалары түріндегі қолдауы табылады. Мұндай шаралар ғылыми-техникалық прогрестің дамуын ынталандыруға көмектеседі және оның табысты коммерциялануына ықпал етеді.

- Туризм экономикалық өсудің жаңа нүктесі болуы тиіс. Елдің туризмді дамыту үшін зор әлеуеті бар. Алайда, қолдау мен осы салаға деген көзқарастың өзі әлі де жетілдірілмеген. Әсіресе, Маңғыстау облысы, Павлодар облысы, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан облыстарының әлеуетін пайдалану үшін отандық және шетелдік инвесторларды тартуға мемлекет, бизнес және қоғамда ат салысуы тиіс. Үкімет тарапынан нақты бағдарламалар жасалынып және аталған өңірлердегі табиғаттың бірегейлігі сақталынуы, сондай ақ, инфрақұрылым ретке келтіріліп, логистика жолға қойылуы керек. Мысалы мыңдаған туристерді тартатын әртүрлі туристік аймақтары мен жыл сайынғы мәдени іс-шараларды өткізетін ұлттық саябақтар құрылғаны жөн, әрине бұл жерде маңыздысы инвестицияларды тарту, саланың тартымдылығын арттыру.

Ол үшін жергілікті билік кәсіпкерлердің осы туризм саласындағы бастамаларын қолдауы керек, себебі, туризмде мультипликативті әсер бар. Мысалы, бір ғана Баянөлгей аймағында туризмді дамыта отырып, сол жердегі дүкендерге, қолөнершілерге, тамақтану орындарына, қонақ үйлерге табыстарын арттыруға мүмкіндіктер жасалады, мұндай дамудың елдің экономикалық өсуіне әсері орасан зор болады.

Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының 2025-2029 жылдарға арналған болжамына сәйкес ЖІӨ-нің жыл сайынғы өсімі орта есеппен 5,4% деңгейінде жоспарланған, мұндай көрсеткішке жыл сайын қол жеткізген кезде елдің ЖІӨ 2025 жылғы 321 миллиард доллардан 2029 жылы 498 миллиард долларға дейін артады деп болжануда. Қорыта айтқанда, осы уақытқа дейін экономикалық өсуге бағалардың өсуі есебінен қол жеткізіп келген болсақ, ендігі уақытта жоғарыда аталған іс-шараларды белсенді жүзеге асыру арқылы экономиканы әртараптандырып, отандық өндірісті қолдау есебінен жоспардағы көрсеткіштерге қол жеткіземіз.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Послание Главы государства Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана «Справедливое государство. Единая нация. Благополучное общество» [Электронный ресурс] //Кіру режимі: https://www.akorda.kz (қаралған уақыт 25.01.2025)

2. Родина И.Б., Урунов А.А. и др. Макроэкономика. Основной курс: учебное пособие для студентов направлений подготовки «Экономика» - 080100 и «Менеджмент» - 080200 всех профилей бакалаврской образовательной программы Государственный университет управления, ГУУ. - М.: ГУУ, 2015. - 288 с.

3. A contribution to the theory of economic growth By Robert M. Solow [Электрондық ресурс] Кіру режимі: http://piketty.pse.ens.fr/les/Solow1956.pdf (қаралған уақыт 25.01.2025)

4. Endogenous technological Change [Электрондық ресурс] Кіру режимі: https://www.journals.uchicago.edu/doi/abs/10.1086/261725 (қаралған уақыт 25.01.2025)

5. Acemoglu D., Johnson S., Robinson J. (2005) Institution as a fundamental cause of long-run growth [Электрондық ресурс] Кіру режимі: https://shop.elsevier.com/books/handbook-of-economic-growth/aghion/978-0-444-52041-8 (қаралған уақыт 25.01.2025)

6. Разакова Д.И., Максимова Д.А. Анализ факторов, влияющих на научную инфраструктуру Казах-

стана в условиях инновационной экономики // Мемлекеттік аудит. -2024. -№ 3 (64). –С.134-143.

7. Андабаева Г.К., Сырбек Р.Н. Қазақстанның экономикалық өсуіне әсер ететін факторларды талдау және бағалау // Мемлекеттік аудит. -2023. -№3 (60). –Б.98-109.

8. Сафрончук М.В. Экономический рост. Курс экономической теории: учебник. – Киров: АСА, 2004. – 644с.

9. Экономический рост на уровне 4% недостаточен для Казахстана [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: https://www.inbusiness.kz/ru/news/ekonomicheskij-rost-na-urovne-4-nedostatochen-dlya-kazahstana-tokaev (қаралған уақыт 26.01.2025)

10. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: https://stat.gov.kz (қаралған уақыт 20.02.2025)

11. Economic Recovery During Challenjing times [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: https://documents.worldbank.org/en/publication/documents-reports/documentdetail/099319004172398510 (қаралған уақыт 19.05.2025)

12. За шесть лет ВВП на душу населения превысил 14 тысяч долларов в Казахстане [Электрондық ресурс] Кіру режимі: //https://informburo.kz/novosti/za-sest-let-vvp-na-dusu-naseleniia-prevysil-14-tysiac-dollarov-v-kazaxstane (қаралған уақыт 23.02.2025)

13. Официально уровень инфляции в 2024 году составил 8,6% [Электрондық ресурс] Кіру режимі: https://demos.kz/oficialno-uroven-infljacii (қаралған уақыт 24.02.2025)

14. Скрытая безработица в Казахстане: как статистика создает иллюзию [Электрондық ресурс] Кіру режимі: //https://inbusiness.kz/ru/news/skrytaya-bezrabotica-v-kazahstane-kak-statistika-sozdaet-illyuziyu (қаралған уақыт 25.02.2025)

15. Бақтиярова А.Ж., Елшібаев Р.Қ. Макроэкономикаға кіріспе. Оқу-әдістемелік құралы. -Алматы: «Фортуна Полиграф», 2021. -146 б.

16. Казахстанская экономическая модель [Электрондық ресурс] Кіру режимі: //https://mirec.mgimo.ru (қаралған уақыт 28.02.2025)

17. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық Статистика бюросы Кіру режимі: :https://stat.gov.kz/ru/industries/economy/foreign-market/ (қаралған уақыт 01.03.2025)

18. Жанакова Н.Н., Карипова А.Т., Мангибаева Д.Д., Еркулова Г.С. Структура ВВП Казахстана: анализ и прогноз ключевых драйверов роста // Статистика, учет и аудит. -2024. -№4 (95). -С.132-142.

19. Вилкова Е.С., Струк Т.Г. Инвестиции как важный фактор экономического роста [Электрондық ресурс] Кіру режимі: //https://elib.bsu.by/handle/123456789/296554 (қаралған уақыт 1.03.2025)

20. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы // Кіру режимі: https://stat.gov.kz/ru/industries/business-statistics/stat-invest/publications/290137/ (қаралған уақыт 01.03.2025)

21. Об утверждении Концепции инвестиционной политики Республики Казахстан до 2029 года [Электрондық ресурс] Кіру режимі: https://adilet.zan.kz/rus ( қаралған уақыт 05.03.2025)

22. Показатели человеческого капитала в исследованиях экономического роста: обзор [Электрондық ресурс] Кіру режимі: https://publications.hse.ru (қаралған уақыт 09.03.2025)

23. Производительность труда: как ее расчитать и повысить [Электрондық ресурс] Кіру режимі: https://shtab.app/blog/proizvoditielnost-truda (қаралған уақыт 15.03.2025)

24. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы. Кіру режимі: https://stat.gov.kz/ru/industries/economy/national-accounts/dynamic-tables/ (қаралған уақыт 17.03.2025)

25. Производительность труда в Казахстане [Электрондық ресурс] Кіру режимі: https://halykfinance.kz/download/files/analytics/ac_labor2.pdf (қаралған уақыт 20.03.2025)

26. Как рассчитать индекс производительности труда дисбаланс [Электрондық ресурс] Кіру режимі: https://www.gd.ru/articles/12531-indeks-proizvoditelnosti-truda (қаралған уақыт 21.03.2025)

27. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы. Кіру режимі: https://stat.gov.kz/api/iblock (қаралған уақыт 21.03.2025)

28. Казахстану следует избегать иллюзий роста производительности труда [Электрондық ресурс] Кіру режимі: https://exclusive.kz/kazahstanu-sleduet-izbegat-illyuzij-rosta-proizvoditelnosti-truda/ (қаралған уақыт 22.03.2025)

29. Почему казахстанцы такие бедные [Электрондық ресурс] Кіру режимі: https://malim.kz/article/analytics/pocemu-kazaxstancy-takie-bednye-issledovanie (қаралған уақыт 22.03.2025)

30. Бисултанова А.А. Яударова М.Ю. Научно-технологический прогресс как основа развития экономики. //Экономика и предпринимательство. - № 2. 2023. –С.438-442.

31. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы. Кіру режимі: https://stat.gov.kz/ru/industries/social-statistics/stat-edu-science-inno/dynamic-tables/ (қаралған уақыт 23.03.2025)

## REFERENCES

1. Poslanie Glavy gosudarstva Kasym-Zhomarta Tokaeva narodu Kazahstana «Spravedlivoe gosudarstvo. Edinaya naciya. Blagopoluchnoe obshchestvo». Available at: https://www.akorda.kz (date of application: 25.01.2025) (In Russian)

2. Rodina I.B., Urunov A.A. i dr. Makroekonomika. Osnovnoj kurs: uchebnoe posobie dlya studentov napravlenij podgotovki «Ekonomika» - 080100 i «Menedzhment» - 080200 vsekh profilej bakalavrskoj obrazovatel'noj programmy Gosudarstvennyj universitet upravleniya, GUU. - M.: GUU, 2015. - 288 s. (In Russian)

3. A contribution to the theory of economic growth By Robert M. Solow [Elektronnyj resurs] Retrieved January 25, 2025, from http://piketty.pse.ens.fr/les/Solow1956.pdf .

4. Endogenous technological Change [Elektronnyj resurs] Retrieved January 25, 2025, from https://www.journals.uchicago.edu/doi/abs/10.1086/261725

5. Acemoglu D., Johnson S., Robinson J. (2005) Institution as a fundamental cause of long-run growth [Elektronnyj resurs] Retrieved January 25, 2025, from https://shop.elsevier.com/books/handbook-of-economic-growth/aghion/978-0-444-52041-8

6. Razakova D.I., Maksimova D.A. Analiz faktorov, vliyayushchih na nauchnuyu infrastrukturu Kazahstana v usloviyah innovacionnoj ekonomiki // Memlekettik audit. -2024. -№3 (64). –S.134-143. (In Russian)

7. Andabaeva G.K., Syrbek R.N. Qazaqstannyn ekonomikalyq osuine aser etetin faktorlardy taldau zhane bagalau // Memlekettik audit. -2023. -№ 3 (60).–S.98-109. (In Kazakh)

8. Safronchuk M.V. Ekonomicheskij rost. Kurs ekonomicheskoj teorii: uchebnik – Kirov: ASA, 2004. – 644s. (In Russian)

9. Ekonomicheskij rost na urovne 4% nedostatochen dlya Kazahstana [Elektrondyq resurs] // Retrieved January 26, 2025, from https://www.inbusiness.kz/ru/news/ekonomicheskij-rost-na-urovne-4-nedostatochen-dlya-kazahstana-tokaev . (In Russian)

10. Qazaqstan Respublikasy Strategiyalyq zhosparlau zhane reformalar agenttiginin Ulttyq statistika byurosy [Elektrondyq resurs] // Retrieved February 20, 2025, from https://stat.gov.kz. (In Kazakh)

11. Economic Recovery During Challenjing times [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: https://documents.worldbank.org/en/publication/documents-reports/documentdetail/099319004172398510 (қаралған уақыт 19.05.2025)

12. Za shest' let VVP na dushu naseleniya prevysil 14 tysyach dollarov v Kazahstane [Elektronnyj resurs] // Retrieved February 23, 2025, from //https://informburo.kz/novosti/za-sest-let-vvp-na-dusu-naseleniia-prevysil-14-tysiac-dollarov-v-kazaxstane . (In Russian)

13. Oficial'no uroven' inflyacii v 2024 godu sostavil 8,6% [Elektronnyj resurs] // Retrieved February 23, 2025, from https://demos.kz/oficialno-uroven-infljacii

14. Skrytaya bezrabotica v Kazahstane: kak statistika sozdaet illyuziyu [Elektrondyq resurs] // Retrieved February 25, 2025, from //https://inbusiness.kz/ru/news/skrytaya-bezrabotica-v-kazahstane-kak-statistika-sozdaet-illyuziyu (In Russian)

15. Baqtiyarova A.Zh., Elshibaev R.Q. Makroekonomikaga kirispe. Oqu-adistemelik quraly. Almaty: «Fortuna Poligraf», 2021. -146b. (In Kazakh)

16. Kazahstanskaya ekonomicheskaya model' [Elektrondyq resurs] // Retrieved February 28, 2025, from // https://mirec.mgimo.ru. (In Russian)

17. Qazaqstan Respublikasy Strategiyalyq zhosparlau zhane reformalar agenttiginin Ulttyq Statistika byurosy// Retrieved March 1, 2025, from :https://stat.gov.kz/ru/industries/economy/foreign-market/. (In Kazakh)

18. Zhanakova N.N., Karipova A.T., Mangibaeva D.D., Erkulova G.S. Struktura VVP Kazahstana: analiz i prognoz klyuchevyh drajverov rosta // Statistika, uchet i audit. -2024. -№4 (95). -S.132-142. (In Russian)

19. Vilkova E.S., Struk T.G. Investicii kak vazhnyj faktor ekonomicheskogo rosta [Elektrondyq resurs] // Retrieved March 1, 2025, from //https://elib.bsu.by/handle/123456789/296554. (In Russian)

20. Qazaqstan Respublikasy Strategiyalyq zhosparlau zhane reformalar agenttiginin Ulttyq Statistika byurosy// Retrieved March 1, 2025, from https://stat.gov.kz/ru/industries/business-statistics/stat-invest/publications/290137/. (In Kazakh)

21. Ob utverzhdenii Koncepcii investicionnoj politiki Respubliki Kazahstan do 2029 goda [Elektrondyq resurs] // Retrieved March 5, 2025, from https://adilet.zan.kz/rus. (In Russian)

22. Pokazateli chelovecheskogo kapitala v issledovaniyah ekonomicheskogo rosta: obzor [Elektrondyq resurs]// Retrieved March 9, 2025, from https://publications.hse.ru. (In Russian)

23. Proizvoditel'nost' truda: kak ee raschitat' i povysit' [Elektrondyq resurs] // Retrieved March 15, 2025, from https://shtab.app/blog/proizvoditielnost-truda. (In Russian)

24. Qazaqstan Respublikasy Strategiyalyq zhosparlau zhane reformalar agenttiginin Ulttyq Statistika byurosy// Retrieved March 17, 2025, from https://stat.gov.kz/ru/industries/economy/national-accounts/dynamic-tables/. (In Kazakh)

25. Rynok truda Kazahstana 2023: nizkaya proizvoditel'nost', skrytaya bezrabotica, regional'nyj disbalans [Elektrondyq resurs] // Retrieved March 20, 2025, from https://halykfinance.kz. (In Russian)

26. Kak rasschitat' indeks proizvoditel'nosti truda disbalans [Elektrondyq resurs]// Retrieved March 21, 2025, from https://www.gd.ru/articles/12531-indeks-proizvoditelnosti-truda. (In Russian)

27. Qazaqstan Respublikasy Strategiyalyq zhosparlau zhane reformalar agenttiginin Ulttyq Statistika byurosy// Retrieved March 21, 2025, from https://stat.gov.kz/api/iblock. (In Kazakh)

28. Kazahstanu sleduet izbegat' illyuzij rosta proizvoditel'nosti truda [Elektrondyq resurs]// Retrieved March 22, 2025, from https://exclusive.kz/kazahstanu-sleduet-izbegat-illyuzij-rosta-proizvoditelnosti-truda/. (In Russian)

29. Pochemu kazahstancy takie bednye [Elektrondyq resurs] // Retrieved March 22, 2025, from https://malim.kz/article/analytics/pocemu-kazaxstancy-takie-bednye-issledovanie (In Russian)

30. Bisultanova A.A. Yaudarova M.Yu. Nauchno-tekhnologicheskij progress kak osnova razvitiya ekonomiki //Ekonomika i predprinimatel'stvo. -2023. - № 2.–S.438-442. (In Russian)

31. Bjuro nacional'noj statistiki Agentstva po strategicheskomu planirovaniju i reformam RK. Retrieved March 23, 2025, from https://stat.gov.kz/ru/industries/social-statistics/stat-edu-science-inno/dynamic-tables/. (In Kazakh)

# ОЦЕНКА ВОЗДЕЙСТВИЯ ФАКТОРОВ ПРОИЗВОДСТВА НА ТЕМПЫ ЭКОНОМИЧЕСКОГО РОСТА КАЗАХСТАНА

**Э. Н. Баудиярова[1*], Р. У. Жангалиева[1], М. Ю. Жумагалиева[1]**
[1]Западно-Казахстанский государственный университет им. М. Утемисова,
Уральск, Республика Казахстан

## АННОТАЦИЯ

*Цель исследования* Проанализировать и предложить пути эффективного применения факторов производства, влиющих на экономический рост, путем изучения структуры валового внутреннего продукта (ВВП) Казахстана и вклада отраслей экономики в ВВП.

*Методология* В рамках проведения исследования использовались общенаучные методы, анализ и синтез, экономико - статистический анализ, методы сравнительной оценки, обзорный отчет международных организаций, научные публикации в различных источниках. Для экономико-статистического анализа и сравнительной оценки показателей экономического роста в Республике Казахстан использованы данные Национального бюро статистики Агентства Республики Казахстан по стратегическому планированию и реформам, Национального банка РК, статьи в зарубежных и казахстанских научных журналах и другая периодическая литература.

*Оригинальность/ценность исследования* Были сделаны научно обоснованные выводы по оценке современного состояния экономического роста Казахстана и эффективному применению влияющих на него факторов производства.

*Результаты исследования* Несмотря на проводимые в Казахстане мероприятия по диверсификации экономики, установлено, что экономический рост по - прежнему зависит от изменения мировых цен на энергетические ресурсы, в настоящее время экономический рост страны находится на стадии активизации среднесрочного и долгосрочного роста. Поэтому на данный момент необходимо диверсифицировать экономику, уделяя приоритетное внимание развитию новых отраслей и поддержке секторов, оснащенных высокими технологиями для увеличения их вклада в валовой внутренний продукт (ВВП). Для этого необходимо увеличить расходы на НИОКР, выделяемые из государственного бюджета, особенно на создание новых продуктов, материалов, изделий, на опытно-конструкторские проекты, то есть, как показывает результаты исследований, уменшить огромную долю неэффективных расходов выделяемые на прикладные и фундаментальные науки, а также увеличить инвестиции в человеческий и основной капитал для наукоемкой экономики.

*Ключевые слова:* Экономический рост, ВВП, инвестиции, капитал, человеческий капитал, производительность труда, ресурсы, экспорт, сырье, промышленность, сельское хозяйство, услуги, научно-технический прогресс, технологии.

# ASSESSMENT OF THE IMPACT OF PRODUCTION FACTORS ON THE ECONOMIC GROWTH RATE OF KAZAKHSTAN

**E. N. Badiyarova[1*], R. W. Zhangalieva[1], M. Y. Zhumagalieva[1]**
[1]West Kazakhstan State University named after M. Utemisov,
Oral, Republic of Kazakhstan

## ABSTRACT

*Purpose* To analyze the production factors affecting economic growth and propose effective ways of utilizing them through the study of the structure of Kazakhstan's Gross Domestic Produc (GDP) and the contribution of economic sectors to GDP.

*Methodology* As part of the research, general scientific methods, analysis and synthesis, economic and statistical analysis, comparative assessment methods, a review report of international organizations, scientific publications from a range of domestic and international sources.

For economic and statistical analysis and comparative assessment of economic growth indicators in the Republic of Kazakhstan, the National Bureau of Statistics under the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan, the National Bank of the Republic of Kazakhstan, articles in foreign and Kazakhstani scientific journals and other periodical literature were used.

*Originality /* value The study presents scientifically grounded conclusions regarding the current state of Kazakhstan's economic growth and the effective application of influencing production factors.

*Findings* Despite the measures taken in Kazakhstan to diversify the economy, economic growth remains heavily dependent on fluctuations in global energy prices, and at the moment the country's economic growth is in the phase of intensifying medium - and long-term growth. Therefore, at the moment, it is necessary to diversify the economy, giving priority to the development of new industries and supporting sectors equipped with high technologies in order to increase their contribution to the gross domestic product (GDP). To do this, it is essential to increase the share of R&D expenditures in development projects, focused not on applied and fundamental sciences, but on the development of new materials, products, processes, increase investments in human capital and fixed capital for a knowledge-intensive economy.

*Keywords:* economic growth, GDP, investments, capital, human capital, labor productivity, industry, agriculture, services, resources, raw materials, exports, scientific and technological progress, technology.

## АВТОРЛАР ТУРАЛЫ

**Баудиярова Элеонора Нурлыбековна** – экономика магистрі, аға оқытушы. М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, e-mail: eleonora_bau@mail.ru *

**Жангалиева Рая Уалиуллиевна** – қаржы магистрі, аға оқытушы. М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, e-mail: raya_1972@mail.ru

**Жумагалиева Мария Юмагазиевна** – экономика магистрі, аға оқытушы. М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, email: Mariya_zhumagalieva@mail.ru